2. Қандай мерзімде облыс прокуроры Бас прокурорға шетел азаматына қатысты бас бостандығынан айрылған сотталушыға қатысты өзінің азаматтығы жерінде жазасын өтеу үшін материалдарлы жолдайды?

3. Бұған қандай құжаттар кіреді?

4. Халықаралық келісім шарттарды пайдаланудағы прокурорлық қадағалаудың рөлі?

5. Шетел азаматтарын экстрадициялау механизмі?

6. Шет мемлекет азаматын беру барысында прокурордың рөлі?



**Негізгі әдебиеттер:**

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,15,16,17,19,21,23,25,30,31,32,33,36,37,38,40,41,43,68.

**Қосымша әдебиеттер:**

74,123,124,125,126,127,195,196,197,202,203,204.

**№2 КӨӨЖ-1 сағат (аудиториядан тыс).**

**Тапсырма:** семинарлық және практикалық сабақтарды зерделеудің негізінде прокурорлық қадағалаудың маңыздылығы жөнінде өз көзқарасын қалыптастыру. Прокурорлық қадағалау бойынша олардың теориялық білімдерін тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

Сабақ барысында курсанттар келесі сұрақтарға көңіл бөлу керек:

1. Халықаралық келісім шарттарды пайдалану және қолданудың іс жүргізулік тәртібі.
2. Құқық қорғау қызметіндегі халықаралық шарттардың маңызы.
3. Халықаралық келісім шарттардың түрлері.

**Негізгі әдебиеттер:**

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,15,16,17,19,21,23,25,30,31,32,33,36,37,38,40,41,43,68.

**Қосымша әдебиеттер:**

74,123,124,125,126,127,195,196,197,202,203,204.

**Курсанттың өзіндік жұмысы**

**КӨЖ -6 сағат.**

Өзіндік дайындыққа берілетін сұрақтар:

1. Қандай жағдайда шетел мемлекетінің сотының үкімі және қаулысы орындалуы мүмкін?
2. Қандай мерзімде облыс прокуроры Бас прокурорға шетел азаматына қатысты бас бостандығынан айрылған сотталушыға қатысты өзінің азаматтығы жерінде жазасын өтеу үшін материалдарды жолдайды?
3. Бұған қандай құжаттар кіреді. Халықаралық келісім шарттарды пайдаланудағы прокурорлық қадағалаудың рөлі?
4. Шет ел азаматтарын экстрадициялау механизмі?
5. Шет мемлекет азаматын беру барысында прокурордың рөлі?
6. Шетел мемлекетінде сот үкімінің орындалуын және сотталғанды шетел мемлекетіне тапсыру мәселелерін қарастыру прокурорлық қадағалау?
7. Тұлғаны транзиттік мәселемен жөнелту жөнінде және де қайтып бергенді қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелерін қарастыру прокурордың өкілеттігі?

8. Арнайы мекемелерде ПО қызметкерлерімен қоғамдық қауіпсіздік шараларын жүргізуде прокурорлық қадағалау?

9. ПО қызметін жазаларын өтеу кезінде, ұсталынғандарды арнайы мекемеде ұстау, және бас бостандығынан айыру мекемесінен шыққандардың артынан қадағалау жүргізуде прокурорлардың құзыреттерін айыру?

10. Шетелдіктерге және ҚР аумағынан тыс жерлерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан азаматтарына қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыру тәртібі?

11. Ұстап беру туралы талаптың мазмұны мен нысаны. Ұстап беру туралы талаптың орындалу тәртібі. Берілген адамның қылмыстық жауаптылық шектері. Ұстап беруден бас тарту негіздері?

12. Әдеттен тыс /экстрадиционный/ күзетпен ұстау. Транзиттік тасымалдау. Заттарды беру?

13. Құқықтық көмектің түрлері?

14. Құқықтық көмек көрсетуге нұсқау берудің тәртібі?

15. Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау тәртібі?

16. Қай кезде экстрадиция жүргізіледі?

17. Экстрадициялау барысында «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасының уақыты қалай есептеледі?

#### **Конспектілеу қажет:**

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының қаулысы «Халықаралық құқықтық ынтымақтастықты жүзеге асырған кезде заңдардың қолданылуын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 10.07.2008ж. №1. (өзгертулер мен толықтырулар 21 сәуір 2011ж.)

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,15,16,17,19,21,23,25,30,31,32,33,36,37,38,40,41, 43,68.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

74,123,124,125,126,127,195,196,197,202,203,204.

### **2.10 ПӘНДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

Құқықтық реформаның процесінің маңызды бағыты мен нақтылығын Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауы келтірді, онда қылмыстық қудалау органдары үшін құқық қорғау қызметінің жоғары кәсіптілікті мамандарын кәсіби дайындау деңгейін жетілдіруді талап ететін құқық қорғау жүйесін жаңарту бойынша арнайы бағдарламаның негізінде құқық қорғау органдарын одан әрі жүйелі реформалау тапсырмасы қойылып отыр.

ПО қызметін прокурорлық қадағалау - барлық болашақ заңгерлер үшін оқытылатын пән. Бұл пән қазақстандық құқықтың қажетті салаларының бірі ретінде міндетті оқытылады. Бұл кең және күрделі құқық саласы. Ол ПО-ның

қызметкерлерімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қылмыстық процестік нормаларды заңды қолдануды қамтамасыз етеді, қылмыстың жылдам және толық ашылуына, қылмыстық іс жүргізуде қылмыстық жауапқа тартылатын, қылмыс жасаған тұлғалардың әділ жазасын алуға кепілдік береді. Сонымен қатар, адамның конституциялық құқығы мен бостандығын қатаң сақтауда қамтамасыз ету және конституцияға сүйене отырып қадағалау жүргізу.

Қылмыстық істер жүргізуді оқып үйренуде, бүкіл оқу курсының мазмұны мен идеялық мән-мағынасын түсіндіріп беретін, негізгі де жетекші рөл атқаратын - **дәріс**.

Курсанттар дәрісті тыңдап қана қоймай, дәріс оқушының ой пікіріне мұқият назар салып, оның негізгі керекті жерлерін жазып алулары керек, яғни дәрісті конспектілеп отыру керек. Бұл курсанттарға көп көмек береді.

Жазып алған дәрістің конспектісін семинар сабақтарына өз бетімен дайындалу барысында оқып, керекті жерлеріне тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу де өте пайдалы.

Кезекті дәрістің алдында өткен дәрістегі мәселелерді еске алып дәріс болатын тақырып бойынша әдебиеттер мен монографиялармен алдын ала танысу, дәріс оқылатын жаңа тақырыпты игеруге үлкен пайдасын тигізеді.

**Семинар сабақтары** сол тақырып бойынша дәріс оқылғаннан кейін жүргізіледі. Семинар курстың негізгі және күрделі деген тақырыптарын тереңдете оқып түсінуге жағдай жасайды. Семинар сабағында дәріс сұрақтары қайталанбауы мүмкін, семинар сабағының жоспары бойынша курсанттар талқылауға қатысып, өздерінің дайындығын көрсетеді, сондықтан да олар семинар сұрақтарына жауап беруге әрқашан дайын болулары керек.

Курсанттар семинар сабағында белгілі бір тақырыпты меңгеру үшін өз бетімен тиісті арнайы және қосымша оқулықтарды, заңнама нормаларын және өзге де құқықтық нормативтік актілерді зерделеп, дәріс дәптерінде жазған жазбалары бойынша дайындалады. Сонымен бірге курсанттар семинар сабағында тиісті заңдар мен нормативтік актілерді талқылайды, конспект жасайды. Курсанттардың білімдері семинар сабағына қойылған сұрақтарға жауап беру нәтижесінде бағаланады.

Семинар сабағында талқыланатын сұрақтарды оқу “Заңнан – тәжірибеге, заң қолдану проблемасынан - заңды және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қызметін жетілдіруге” деген схема бойынша оқып-үйрену ұсынылады.

Семинар сабақтарының түрлері мынадай: қойылған сұрақтарға жауап беру, рефераттарды талқылау. Осы көрсетілген сабақтардың түрлерін қолдана отырып кез-келген тақырып бойынша семинар сабағын жүргізуге болады.

Сабақты жүргізу нысанына қарамастан, әрбір курсанттар талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін ортаға салып және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғай алуы қажет. Ішкі істер органдары қызметіндегі қайта құру істері мен тәжірибені теориямен байланыстыра отырып, баяндама жасаған ой салатын сын айта білген курсанттарды кафедра ынталандырып отырады.

## 2.11. ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ ПЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

**Тәжірибелік сабақтар жалпы ереже бойынша екі кезеңнен құралады:**

1 – тәжірибеде туындайтын жағдайлар бойынша есеп шығару; 2 - іскерлік ойындар (тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья рөлдерін іс жүзінде атқару) және процессуалдық құжаттарды жасау.

Тәжірибеден туындайтын жағдайлар бойынша есеп шығару үшін курсанттарға мынандай әдістеме ұсынылады:

1. Ең алдымен негізгі тақырыптың мазмұнын толық түсініп біліп алу және мына сұрақтарға жауап беру керек: практикадан туындаған жағдайларда не көрсетілген; тергеліп жатқан оқиғаның қылмыстық құқылық дәрежесі қандай; тергелетін жағдайда қатысушы кім; прокурор, тергеуші немесе анықтама жүргізуші адам қандай қылмыстық процессуалдық шешім қабылдады; қандай дәлелдемелер бар, күдіктінің (айыпталушының) көзқарасы қандай, мәселе бойынша шешім қабылдау үшін тергеушіге (жедел іздестіру қызметкеріне) қанша уақыт берілген, қылмыстық істер жүргізу заңы бұзылған ба, қылмыстық істегі дәлелдемелер қалай бағаланған және т.б.

2. Курсант негізгі (бастапқы) мәліметті талдау нәтижесінде, тапсырманы орындау үшін, мына мәселелерге жауап іздеу керек: шығаратын есеп бойынша нені табу, нені дәлелдеу немесе кімді әшкерлеу керек, нені түсіндіріп, қандай ұсыну жасау керек.

3. Тапсырманы орындаудың келесі бір жолы оның шешімін іздестіру болып саналады. Бұл жөнінде курсанттар нормативтік материалдарды (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, басқа заңдар, өзге нормативтік ведомстволық нормативтік актілер) басшылыққа алулары тиіс. Тек сонда ғана қылмыстық іс жүргізу қағидатарының талаптары сақталады.

4. Белгілі бір шешім қабылдар алдында курсант мынадай ережені естен шығармауы керек: егер әлдекім есеп бойынша қабылданған шешім жалғыз ғана дұрыс шешім деп ойласа, онда оның қателескені. Сондықтан да әрқашан шешім қабылдаудың баламалы жолын қарастыру керек.

5. Қабылданған шешім қылмыстық істер жүргізу заңының тиісті нормаларына, қажет болған жағдайда басқа да құқықтық нормативтік ведомстволық актілерге негізделуі тиіс.

6. Курсанттар тәжірибеден туындайтын жағдайлар бойынша есеп шығаруды сабаққа өз еркімен дайындалатын уақытта орындап, шешімдерін арнаулы дәптерлерге жазулары керек, ал сабақтың үстінде өздерінің шешімдерін мынадай тәртіппен баяндауы тиіс: 1. Іс бойынша тек керекті құқықтық маңызы бар фактілерді көрсету; 2. Тергеу ситуациясын талқылау; 3. Қойылған сұрақтарды атап, оларға толық және дәлелді жауап беру.

**Іскерлік ойын** – бұл нақты алатын болсақ, тергеуші (анықтаушы немесе жедел уәкілдің) қызметінің үлгісі болып табылады. Бұл блок рөлдерде

барлық жағдайларды ойнап шығуға және әр тұлғаның психологиялық жағдайын жақсы түсінуге көмектеседі.

Іскерлік ойындар әдістерін пайдаланып өткізілетін тәжірибелік сабақтар өзіне қосады:

**1 саты:** Рөлдерді бөлу.

Топтан тиісті рөлдерді ойнайтын курсанттар анықталады. Мысалы, күзетпен ұстауға прокурордың келісімін алу әрекетінде бір курсант – тергеуші болады, екіншісі – прокурор, ал соңғысы – күдікті. Топтағы қалған курсанттар екіге бөлініп жағдайды бағалайтын мамандар болады.

Оқытушы кімнің қай рөлді ойнайтынын тек сабақтың басында айтатындықтан, курсанттар барлық рөлдерге дайындалады.

**2 саты:** Оқу тапсырмасын қою мен іскерлік ойынды дайындауға кірісу.

Бұл сатыда курсанттар өз әрекеттерінің жоспарын құрады, ал курсант «мамандар» сол жоспарлардың өз нұсқаларын дайындайды.

**3 саты:** Ойынды өткізу.

Бұл жағдайда қатысушы курсанттар ойын сценариіне және өздерінің жоспарларына сәйкес әрекет етеді. Курсанттар «мамандар» олардың әрекеттерін бақылап отырады.

**4 саты:** Топтық пікірсайыс.

Мамандар тобының өкілдері өз бағалауын хабарлайды, әр қатысушы бойынша өз ойын білдіреді. Кейіннен талқыланып отырған мәселелені жалпы талқылау өтеді.

**5 саты:** Қорытындылау.

Оқытушы ойын қатысушыларының және мамандар топтарының жұмысын бағалайды, ойын барысын анализдейді, курсанттардың тәртібі мен белсенділігін анализдейді. Курсанттардың қателіктеріне назар аударады.

Процессуалдық құжаттарды құру – сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қызметкерлерінің процессуалдық мәдениетін дамытуға бағытталған тәжірибелік сабақтардың ажырамас бөлігі.

Курсанттарға процессуалдық құжаттарды құру барысында келесі реттілік ұсынылады:

1. Бастапқы деректердің мазмұнын зерттеу мен қандай процессуалдық құжат толтыру керек екендігін анықтау.

2. Тиісті Қылмыстық-процестік құжаттың нысаны мен мазмұнын регламенттейтін қылмыстық процесс нормаларының мазмұнымен танысу.

3. Кафедраның оқу-әдістемелік кабинетінде бар мұрағаттық қылмыстық істерді қарап шығу.

4. Тәжірибелік сабаққа дайындалып, курсанттар тікелей процессуалдық құжаттарды толтыруға кіріседі. Бұл жерде академия кітапханасында бар тақырыпқа қатысты оқу құралдары мен процессуалдық құжаттар үлгілері өз септігін тиізеді.

5. Процессуалдық құжатты толтырғаннан кейін курсанттар бөлінген уақытта оқытушының нұсқауымен процессуалды құжаттарын талқылайды, қателерін түзейді және кемшіліктерін толықтырады. Кейіннен әр курсант

процессуалдық құжаттың қорытынды үлгісін толтырады да келесі сабаққа тексертеді.

**Өзіндік дайындық** курсанттардың өзіндік жұмысын өткізудің нысаны, онда курсанттар ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді зерттейді, басқа да ақпараттық қайнар көздерді қарастырады. Осыған қоса жазбаша дайындық та орын алуы мүмкін (реферат, баяндама, коллоквиум және т.б.). Бұл дайындықтар семинарлық немесе тәжірибелік сабақтарда қарастырылады. Өзіндік дайындық сағаттарда болашақтағы семинарлық және тәжірибелік сабақтарға дайындық жүргізіледі. Талқылануға салынатын сұрақтардың жауаптары жазбаша түрде дәптерлерге жазылады.

Аталған курсты оқып бітірген соң курсанттар келесілерді білу қажет:

- ПО-ң қызметін прокурорлық қадағалау курсын білу;
- сабақта алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуі;
- қылмыстық іс жүргізудің нормаларын қолдануды кез келген жағдайларда түсіндіре білу;
- тергеу жағдайы пайда болған кезде қылмыстық іс жүргізу нормаларын қолдана білу;
- пайда тергеу жағдайларын өз алдына анализ жүргізе білу, нормаларды қолдану критерийларын анықтау;
- дәлелдемелерді және сараптамаларды салыстыруды жүгізе білу;
- қорытындыларды, ұсыныстарды, шешімдерді ұйымдастыра білу.

## **2.12.ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

**1. «Прокуратура туралы» заңында қай бапта прокурорлық қадағалау актілерін тізімі көрсетілген:**

- a) 20 бапта
- b)+ 18 бапта
- c) 22 бапта
- d) 17 бапта
- e) 25 бапта

**2. «Прокуратура туралы» заңында қанша прокурорлық қадағалау актілері көрсетілген:**

- a) 10 акт
- b)12 акт
- c)+ 8 акт
- d) 6 акт
- e) 5 акт

**3. Бас прокурор Конституция заңына қайшы келген немесе ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулысына қайшы келгенде қай органға наразылық білдіреді:**

- a)+ Жоғары соттың пленарлық отырысына
- b) Жоғары соттың қылмыстық істер бойынша коллегиясына
- c) Жоғары соттың қадағалау коллегиясына

- d) Жоғарғы соттық кеңеске
- e) Қауіпсіздік кеңеске

#### **4. Прокурорлық қадағалау актісі**

- a) наразылық, хабарлама, талап, ұйғарым, ұсыну
- b) қаулы, талап, наразылық, ұсыну, заңды түсіндіру
- c) ескерту, келісім, наразылық, ұйғарым, санкция
- d)+ наразылық, санкция, қаулы, нұсқау, өтініш, ұйғарым, ұсыну, заңды түсіндіру
- e) наразылық, қаулы, ұйғарым, ұсыну

#### **5. Прокурордың наразылық беруі**

- a) тек заңсыз акт шығарған органға
- b) тек лауазымды тұлғаға
- c)+ заңсыз акт шығарған органға немесе лауазымды тұлғаға немесе жоғары тұрған органға
- d) жоғары тұрған органға
- e) дұрыс жауап жоқ

#### **6. Жедел-іздігі қызметінің қадағалау заты болып не табылады:**

- a)+ жедел-іздігі шараларын жүзеге асыру барысында адамның құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету
- b) әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру барысында адамның құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету
- c) атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру барысында адамның құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету
- d) азаматтық іс жүргізуді жүзеге асыру барысында адамның құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету
- e) қылмыстық істі сотта қарау барысында адамның құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету

#### **7. Наразылық қарастырылуының мерзімінің шегі**

- a)+ 30 күннен аспай
- b) 7 күннен аспай
- c) 1 айдан аспау
- d) 24 сағаттан аспау
- e) 72 сағаттан аспау

#### **8. Қарап тексеру және мүлікке тыйым салу барысында прокурормен қандай акті шығарылады**

- a) санкция
- b) ұйғарым
- c) арыз
- d) ұсыну
- e)+ қаулы

**9. Заңды күшіне еңбеген соттың қаулысына прокурор қандай акт шығарады:**

- a) қадағалау наразылық бойынша
- b)+ апелляциялық және кассациалық наразылықта
- c) әкімшілік наразылық
- d) нұсқау
- e) апелляциялық-қадағалау наразылығы

**10. Атқарушылық мәселелер бойынша прокурордың қаулысының күші қандай**

- a) міндетті емес күші
- b)+ міндетті болып табылады
- c) шектеулі күш болып табылады
- d) дұрыс жауап жоқ
- e) ұсынымдық мінез-құлық ретінде

**11. Прокурорға адам себепсіз келмеген жағдайда оның мәжбүрлі жеткізуі қандай уақытта қамтамасыз етіледі**

- a) 12 сағат ішінде
- b) 48 сағат ішінде
- c)+ 24 сағат ішінде
- d) 72 сағат ішінде
- e) дереу

**12. Прокурорлық қадағалау наразылықтарын орындау жөнінде заңмен мәжбүрлеу орындалу қарастырылған ба**

- a) жоқ, қарастырылмаған
- b)+ қарастырылған
- c) барлық актілермен қарастырылған
- d) тек наразылық арқылы ғана қарастырылған
- e) дұрыс жауап жоқ

**13. Жедел-іздістіру қызметінде заңдылықтың орындалуын қамтамасыз етудегі прокурордың құзыреті:**

- a)+ жедел-іздістіру қызметкерлерімен жасырын тергеу әрекеттерін өткізу бойынша заңның сақталуын қадағалайды
- b) тергеу әрекеттерінің заңды түрде жүргізуін қадағалайды
- c) сот отырысының заңды түрде өткізуін қадағалайды
- d) құқықтық көмек көрсету жұмыстарын заңды жүргізуін қадағалайды
- e) төмен тұрған прокурорлардың заңды жұмыс істеуін қадағалайды

**14. Прокурордың шығарған ұсынымы лауазымды тұлғамен немесе органмен қарастырылуы тиіс**

- a) 10 күн ішінде



- b) 15 күн ішінде
- c) 2 ай ішінде
- d)+ 1 ай ішінде
- e) 1 апта ішінде

**15. Прокурорлық әрекет ету актісінің ең көп таралған түрі:**

- a) өтініш
- b) ұйғарым
- c)+ наразылық
- d) ұсыныу
- e) қаулы

**16. Прокуратура туралы заңының 25 бабына сәйкес прокурордың қанша ұсынысы көрсетілген**

- a) 3 түрі
- b)+ 4 түрі
- c) 5 түрі
- d) 6 түрі
- e) 2 түрі

**17. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен анықтау заңдылығының қадағалау заты болып:**

- a)+ заңдылық актісі және тергеу мен анықтау органының қызметі
- b) заңдылық актісі және мемлекеттік басқарма органдарының әрекеті
- c) заңдылық актісі және үкімет өкілдерінің әрекеті
- d) заңдылық актісі және сот органдарының әрекеті
- e) заңдылық актісі және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының әрекеті

**18. Қазақстан Республикасының Прокуратура туралы Заңы қай жылы қабылданды:**

- a) 2014 жылы
- b) 2016 жылы
- c)+ 2017 жылы
- d) 2018 жылы
- e) 2013 жылы

**19. Прокуратура органдарының жүйесін басқарады:**

- a) Президент
- b) Премьер – Министр
- c)+ Бас прокурор
- d) Конституциалық кеңестің төрағасы
- e) Қауіпсіздік кеңестің хатшысы

**20. Тергеу және анықтау органдарына сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша прокурор қандай әрекеттер атқарады:**

- a) бұйрық береді
- b) бұйырады
- c)+ нұсқау береді
- d) ұйғарым береді
- e) дұрыс жауап жоқ

**21. Тергеу мен анықтау органдарында заңдылықты сақтауды қамтамасыз етудегі прокурордың өкілеттігі:**

- a) болған қылмыстық құқық бұзушылық жайлы немесе дайындалып жатқан құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, заңдылығын қадағалауы тексереді
- b) ЖІШ-ның заңдылығын тексереді
- c) атқарушылық органдарымен заңдылықтың сақталуын тексереді
- d) наразылық білдіреді
- e) әкімшілік ұстау заңдылығын қадағалауда тексереді

**22. Мәжбүрлі түрде прокурорлық қадағалау актілерін орындау заңмен қарастырылған ба. Оған жататындар:**

- a) ұйғарым және наразылық
- b)+ ұйғарым және қаулы
- c) өтініш және наразылық
- d) ұйғарым және өтініш
- e) қаулы және наразылық

**23. Қандай уақытта прокурор тергеу әрекетіне өзінің келісімін береді:**

- a) 12 сағат ішінде
- b)+ 24 сағат ішінде
- c) 36 сағат ішінде
- d) 48 сағат ішінде
- e) 72 сағат ішінде

**24. Тергеу және анықтау органдары қылмыстық іс бойынша шығарған процестік шешімдерінің қаулысының көшірмесін прокурорға жолдау міндетті:**

- a) 12 сағат ішінде
- b) 24 сағат ішінде
- c) 36 сағат ішінде
- d) 48 сағат ішінде
- e) 72 сағат ішінде

**25. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдіктіні немесе айыпталушыны күүзетпен ұстап алуға келісімді береді:**

- a)+ аудандық прокурор
- b) аудандық прокурордың көмекшісі
- c) облыстық прокурордың көмекшісі

- d) облыстық прокурордың аға көмекшісі
- d) облыстық прокуратураның аға прокуроры

**26. Органдар және лауазымды адамдар прокурорға наразылықты қарастырғандары жайлы қандай түрде хабарлау тиіс:**

- a) жазбаша немесе ауызша
- b) тек ауызша ғана
- c)+ тек жазбаша ғана
- d) телефонограмма арқылы
- e) дұрыс жауап жоқ

**27. Қылмыстық құқық бұзушылықтар және де басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі прокурорлық қадағалау актілерінің бірі болып:**

- a) наразылық
- b) ескерту
- c) қаулы
- d)+ ұсыным
- e) барлығы дұрыс

**28. Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін құрайды:**

- a) Бас прокуратура, облыстық және қалалық прокурорлар;
- b) қалалық және оған теңестірілген әскери немесе басқа да арнайы прокурорлар;
- c) Республикалық маңызы бар қалалық прокурорлар;
- d) тек Бас прокуратура;
- e)+ Бас прокуратура, облыстық прокуратура, астаналық және Республикалық маңызы бар қалалар прокуратурасы, аудан аралық, аудандық, қалалық және оған теңестірілген әскери арнайы прокуратурасы;

**29. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Қазақстан Республикасының Президентімен Сенат Парламенттың келісімімен қанша жылға тағайындалады:**

- a) 3 жылға
- b)+ 5 жылға
- c) өмір бойы
- d) 4 жыл
- e) 6 жыл

**30. Прокуратура қызметкерлері өзінің құзырет шегінде құқылы:**

- a) кәсіби қызметпен айналысуға
- b) сот отырысының залына шектеусіз кіруге
- c) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің барлық материалдарымен құжаттарына қол жетімділігі

- d) қоғамдық автокөлікте жеңілдіктермен қолдануға  
е)+ мемлекеттік ұйымдардың ғимараттарына ешбір кедергісіз кіруге,  
ұйымдардың және соттың құжаттарымен танысып, оларды сұартып алуға

## **КУРСАНТТАРДЫҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ**

Курсанттар барлық дәрістік сабақтардан қалмауға міндетті. Сабақты белгілі себептермен (наряд, іс сапар, шаруашылық жұмыстар, ауру) босатқан кезде курсант сабаққа шыққан күннен 5 жұмыс күн ішінде игеріледі. Сабақты белгісіз себептермен босатқан курсант ол күндерді 2 жұмыс күні ішінде игеруге тиіс. Сабақ аяқталған соң тақырып бойынша сұрақтарды талқылауға қатыспаған және тапсырманы орындамаған курсанттарға 0,1 ұпай қойылады.

Босатылған сабақты игеру сабақ беретін оқытушы, ол болмаса кезекші оқытушы немесе кафедра бастығы тарапынан қабылданады. Семинарлық (практикалық) немесе КОӨЖ сабақтарын игеру босатылған тақырып бойынша жазбаша түрде (реферат, доклад, эссе және т.б.) тапсыру түрінде орындалады. Курсантқа игерілген сабақ бойынша 1 ұпайдан жоғары баға қойылмайды. Егер де курсант белгісіз себеппен босатқан немесе сабақта жақсы баға алмау себебімен игеруге келсе оған 0,8 ұпайдан артық баға қойылмайды. Игеру мерзімі созылып кетсе максималды ұпай әр бір сабақ үшін 0,5 ұпайға дейін төмендейді. Дәрістік сабақ игерілмейді.

Әр сабақ бойынша тақырыпты қайталау және өткен материалдарды игеру міндетті. Материалды игеру дәрежесін анықтау үшін түрлі жұмыстар беріледі: тестілеу, жазбаша жұмыстар, ауызша сұрау, презентация, дебаттар, дискуссия және т.б. Сабақ кезінде тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

ТӨЖ, офистік сағаттар мен КОӨЖ шығарылған тапсырмаларды орындамаған тыңдаушылар емтиханға жіберілмейді.

### **Дәріс сабақтары бойынша:**

Сабаққа қатысу – 0 ұпай

### **Семинар, КОӨЖ бойынша:**

Тапсырмаларды орындау, сабақтардағы жұмыс – 1 сағат үшін 1 ұпай

**КӨЖ орындауы:** 1 тапсырма – 0,5 ұпай

**Межелік бақылау** (бірінші межелік бақылау) кестеге сәйкес өтеді. Курсант егер рубежді бақылаудан **20 ұпай** алса, аттестацияланды деп саналады. Рубежді бақылаудан аттестацияланбаған курсанттар қарызын семестрдің 8 аптасы бойы жазба жұмысы арқылы және т.б. жіберген сабақты игеруге құқығы бар.

**Емтиханға жіберілу** (екінші межелік бақылау) семестрдің 12 аптасында өтіп, курсант пән бойынша 30 ұпайдан кем емес ұпай алған жағдайда өтеді. Ағымдық аттестацияға жіберілмеген курсанттар қарызын емтихандық сессияның соңына дейін өтеуге құқылы.

**МҰ** – максималды ұпай – курсанттың ағымдық бақылау кезінде алған ұпайлары мен емтиханда алған ұпайлары **100** ұпайды құрауы керек.

**Ағымдық бақылау - 60 ұпай және емтиханға – 40 ұпай.**

Курсанттың пән бойынша қорытынды бағасы сынақ кітапшасына төмендегідей сызба бойынша дәстүрлі және әріптік жүйе бойынша қойылады:

Пән бойынша ұпайлар	Әріптік бойынша қойылатын бағалар	Дәстүрлі жүйе бойынша ойылатын бағалар
95-100	A	Өте жақсы
90-94	A-	
85-89	B+	Жақсы
80-84	B	
75-79	B-	
70-74	C+	Қанағаттанарлық
65-69	C	
60-64	C-	
55-59	D+	
50-54	D	
0-49	F	Қанағаттанарлықсыз

**«A», «A-» («үздік»)-** егер курсант барлық бағдарлама материал терең және нақты игерсе, оны толық, жүйелі, сауатты және ой тізбегін бұзбай баяндаса, тапсырмалардың түрін өзгерткенде жауап беруге қиналмаса, қойылған міндеттерді еркін орындаса, монографиялық материалдың білімін көрсетсе, қабылданатын шешімдерді дұрыс негіздесе, тәжірибелік жұмыстарды орындаудың түрлі тәсілдері мен дағдыларын білсе, материалды өз бетімен қатесіз жалпылау мен баяндай алуды байқатса;

**«B», «B», «B-» («жақсы»)-** егер білім алушы бағдарлама материалын анық білсе, оны сауатты да негізден баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі қателіктер жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алса, сонымен қатар тәжірибелік міндеттерді орындауға қажетті дағдылары болса;

**«C+», «C», «C-» («қанағаттанарлық»)-** деген баға егер білім алушы негізгі материалды ғана игеріп, бірақ жекелеген тұстарын білмей қателіктер жіберсе;

**«D+», «D» («қанағаттанарлықсыз»)-** деген баға егер білім алушы бағдарлама материалын көп бөлігін 0-30%-ын білсе.

Егер білім алушы 30-40% елеулі қателіктер жіберсе.

Егер білім алушы бағдарлама материалының едәуір бөлігін білмесе, тәжірибелік 40-49%-ын қатты қиналып орындаса, қойылады.

А-дан А-ға, В-дан В+-ке дейінгі, D-дан С+-ке дейінгі бағалар аралығын таңдау білім алушылардың сәйкес келу дәрежелері жоғарыдағы критерийлермен анықталады.

### **2.13 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПО ҚЫЗМЕТІН ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ПӘНІ БОЙЫНША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ**

1. Прокурорлық қадағалаудың түсінігі және қайнар көздері.
2. Прокуратура органдарының жүйесі.
3. Прокурорлық қадағалауды жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының нормативтік актілерінің, ведомстволық заңға тәуелді актілерінің рөлі.
4. Қазақстан Республикасының Бас прокурорының өкілеттілігі.
5. Прокурордың құқықтық актісінің жүйесі. Әр прокурор актісіне құқықтық мінездеме беру.
6. Адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын және бостандықтарын сақталуына ПО қызметін қадағалау бойынша прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттары.
7. Күзетпен ұсталған адамдардың денесінде жарақаттарды анықтаған жағдайда прокурор қандай шешім қабылдайды.
8. Азаматтардың құқықтарын бұзу кезінде прокурор қандай шаралар қолданады.
9. Прокуратура органдарына өтінішпен жүгіну кезінде, прокурордың өтінішті қарау тәртібі.
10. ПО қызметімен есепке тіркеу тәртібі бойынша қадағалау прокурорының өкілеттігі.
11. ПО қызметімен есепке тіркеу тәртібі бойынша талаптарын бұзған кезде құзыретті қадағалау прокурорымен қандай шаралар қолданылады.
12. Есепке тіркеу тәртібі бойынша талаптарын сақтау мерзімі.
13. ПО қызметінде заңдылықтың сақталуын қадағалау бойынша кезекші прокурордың өкілеттілігі.
14. ПО-да «прокурор бөлмесінде» кезекші прокурорлардың жұмыс тәртібі.
15. Сотқа дейінгі тергеуде процессуалдық прокурордың өкілеттілігі және құзыреті.
16. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші тұлғаның прокурордың нұсқауларын орындалуын ұйымдастыру.
17. Істегі материалдарымен оқып танысқаннан кейін, болған үлкен қоғамдық мәселелері бойынша прокурордың құзыреті.
18. Қылмыстық процеске қатысушылардың жүгінуін қарастыру мерзімі.
19. ПО мен күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолдану үшін сотпен санкциялау мақсатында прокурор қандай жолданған процессуалдық құжаттармен танысу қажет.

20. Кузетпен ұстау бұлтартпау шарасының мерзімін ұзарту шағымын қарастыру кезінде прокурордың құзыреті.

21. Қылмыстық қудалау органдарымен ҚР ҚПК 17-18 тарауларында көрсетілген талаптарды сақтауда прокурорлардың құзыреті.

22. Алу және тінту кезінде және мәжбүрлеу шараларын қолдануда заңдылықты сақтауда прокурорлық қадағалау.

23. Қылмыстық құқық бұзушылық жасалды деген өтініштер мен хабарламаларды алу және тіркеу негізгі талаптары. 19.09.2014 ж №89 және 24.12.2014 ж №159 ҚР Бас прокурорының бұйрығы.

25. ТЖТ басшылары ашылмаған адам өлтіру қылмыстары туралы прокурор алдында қандай мерзімде есеп береді.

26. Қасақана адам өлтіру қылмыстары жөнінде сотқа дейінгі тергеу барысында прокурорлардың құзыреті.

27. ПО қызметін парақорлықпен және экономикалық қылмыстық істері бойынша сотқа дейінгі тергеу барысында прокурордың қадағалау негізгі мәселелері.

28. Есірткі заттардың қалдықтарын жою бойынша ПО қызметін қандай мерзімде прокурорлық қадағалау жүргізіледі.

29. Прокурормен қылмыстық істің материалдарымен танысу кезінде шешілетін мәселелер.

30. Прокурормен бұлтартпау шарасын қолданудағы мәселелері.

31. Прокурорға айыптау актісін жолдау тәртібі.

32. Айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық іс материалдарын сотқа жолдау тәртібі.

33. Тоқтатылған қылмыстық істері бойынша прокурордың шешімдері.

34. Прокурордың жеделдетілген қылмыстық іс материалдарымен танысу мерзімі.

35. Кінәні мойындау туралы процестік келісім жасалған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде прокурор қандай шарттарды тексеру қажет.

36. Кінәні мойындау туралы процестік келісім жасалған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде прокурор қандай мәселелерді зерделеу қажет.

37. Кінәні мойындау туралы процестік келісім жасалуды қолданудың, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қарастыру тәртібі.

38. Прокурор қандау шаралар қолдану мүмкін, егер ПО қылмыстық-процесуалдық нормаларының бұзылуы болып табылса. Оларды қарастыру тәртібі.

39. Жасырын тергеу әрекеттерінің түрлері.

40. Жасырын тергеу әрекеттерін өткізу негізі және шарттары.

41. Жасырын тергеу әрекеттерінің жүргізу мерзімі.

42. Жасырын тергеу әрекеттерінің жүргізуді ұзарту мерзімінің процессуалдық тәртібі.

43. Әкімшілік істері бойынша соттық актілердің қадағалау тапсырмаларын айтып көрсетіңіз.

44. Қай санаттағы әкімшілік істер 1 соттық сатыда прокурордың қатысуымен қаралады.

45. Апелляциялық шағымдарды әкелу үшін қандай бұзақылықтар негіз болып табылады.
46. Апелляциялық шағымдарды әкелу мерзімі.
47. Кассациялық шағымды әкелу құқығы кімге жіктеледі.
48. Апелляциялық түрде қайта қарау кезінде прокурордың қорытындысында қандай мәселелер көрсетіледі.
49. Кімнің құзырет шегінде әкімшілік істерді сұрастыру болып табылады. Қандай мерзімде олар орындалады.
50. Әкімшілік істерді қадағалау кезінде қандай көрсеткіштер негізгі болып табылады.
- 51.1 сатыдағы процесуалдық прокурор.
52. Апелляциялық және кассациялық шағымдардың мазмұны.
53. Апелляциялық және кассациялық шағымдарды беру кімнің құзырет шегінде.
54. Апелляциялық және кассациялық шағымдарды беру мерзімдері және тәртібі.
55. Екі үкім бойынша толықтырулар және бұзу негіздері. Қылмыстық процеске қатысушылардың жүгіну заңдылығы және прокурордың ұсынымы.
56. Сотта мемлекет мүддесін прокуратураның өкіл етуі.
57. Қылмыстық істер бойынша прокурордың мемлекеттік айыптауды қолдауы.
58. Прокурордың қадағалаулық құзыреті: істерді қайтаруы және жоғары тұрған сотқа беретін қарсылығы.
59. Прокурормен жүргізілетін қылмыстық қудалау.
60. Прокурормен жүргізілетін қылмыстық қудалаудың шектері.
61. Қылмыстық іс жүргізетін органдардың және лауазымды тұлғалардың заңдарды дұрыс қолдануын прокурорлық қадағалау.
62. Жазаларды өтеу кезінде негізгі шарттардың орындалуының түсінігі, арнайы мекемелерде ұстау және оларға қадағалау жасауы.
63. Облыс прокурорларымен және олардың орынбасарларымен арнайы мекемелердің заңдылық сақталуын қадағалау.
64. Облыс прокурорының көмекшілерімен және басқарма қызметкерлерімен арнайы мекемелердің және жазаларын өтеп шыққандардың артынан заңдылықтарын сақталуын қадағалау.
65. Ұсталушыға, әкімшілік ұсталушыға және күзетпен ұсталынған адамға қатысты арнайы құралды қолданғаны жайлы қандай құжат толтырылады.
66. Аудан прокурорларының және прокурорлардың жазаның орындалуын заңдылығын қадағалаудағы құзыреті.
67. Қандай мерзімде прокурорлармен арнайы мекеме қызметкерлеріне қатысты заңды бұзған жағдайда материалдар сотқа жолданады. Арнайы мекемелерді тексерген уақытта прокурорлар қандай мәселелерге көп көңіл аударады.



68. Жазаларды өтеу кезінде негізгі шарттардың орындалуының түсінігі, арнайы мекемелерде ұстау және оларға қадағалау жасауы.

69. Облыс прокурорларымен және олардың орынбасарларымен арнайы мекемелердің заңдылық сақталуын қадағалау.

70. Облыс прокурорының көмекшілерімен және басқарма қызметкерлерімен арнайы мекемелердің және жазаларын өтеп шыққандардың артынан заңдылықтарын сақталуын қадағалау.

71. Ұстап алушыға, әкімшілік ұстап алушыға және күзетпен ұстап алынған адамға қатысты арнайы құралды қолданғаны жайлы қандай құжат толтырылады.

72. Аудан прокурорларының және прокурорлардың жазаның орындалуын заңдылығын қадағалаудағы құзыреті.

73. Кәмелетке толмағандардан жауап алу ерекшеліктері.

74. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары жайлы сотта қарау ерекшеліктері.

75. Кәмелетке толмағандардың үй жайын қарап тексеру ерекшеліктері.

76. Кәмелетке толмағандарға бұлтартпау шараларын қолдану кезінде прокурорлық қадағалау ерекшеліктері. Кәмелет жасқа толмағандардың қылмыстары жайлы анықтау өндірісі жүргізіледіме.

77. Халықаралық келісім шарттарды пайдалану және қолданудың іс жүргізулік тәртібі.

78. Құқық қорғау қызметіндегі халықаралық шарттардың маңызы.

79. Халықаралық келісім шарттардың түрлері.

80. Халықаралық келісім шарттарды пайдаланудағы прокурорлық қадағалаудың рөлі.

81. Шет ел азаматтарын экстрадициялау механизмі.

82. Шет мемлекет азаматын беру барысында прокурордың рөлі. Прокуратураның халықаралық ұйымдармен қарым –қатынас жасау тәртібі.

83. Қандай жағдайда шетел мемлекетінің сотының үкімі және қаулысы орындалуы мүмкін.

84. Қандай мерзімде облыс прокуроры Бас прокурорға шетел азаматына қатысты бас бостандығынан айрылған сотталушыға қатысты өзінің азаматтығы жерінде жазасын өтеу үшін материалдарды жолдайды.

85. Бұған қандай құжаттар кіреді. Халықаралық келісім шарттарды пайдаланудағы прокурорлық қадағалаудың рөлі.

86. Шет ел азаматтарын экстрадициялау механизмі.

87. Шет мемлекет азаматын беру барысында прокурордың рөлі.

88. Шетел мемлекетінде сот үкімінің орындалуын және сотталғанды шетел мемлекетіне тапсыру мәселелерін қарастыру прокурорлық қадағалау.

89. Тұлғаны транзиттік мәселемен жөнелту жөнінде және де қайтып бергенді қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелерін қарастыру прокурордың өкілеттігі.

90. Арнайы мекемелерде ІО қызметкерлерімен қоғамдық қауіпсіздік шараларын жүргізуде прокурорлық қадағалау.

#### **2.14.Құрастырған:**

**Б.Б. Нұрғалиев** - қылмыстық процесс кафедрасы бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

**М.С. Смаханов** - қылмыстық процесс кафедрасының оқытушы заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны